

Сабақтың тақырыбы:

Орталық Қазақстанның
қалалары,
елді мекендері

- **Сабақтың мақсаты:**

- Орталық Қазақстан экономикалық ауданының қалалары, ауылдық елді мекендері туралы білім беру.

- **Сабақтан күтілетін нәтиже:**

- Оқушылар Орталық Қазақстан экономикалық ауданының қалалары, ауылдық елді мекендері туралы біледі. Өз бетінше ізденіспен шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге дағдыланады. Өз ойларын еркін де сауатты, нақты жеткізу қабілеттері артады.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен амандасу, түгендеу, қалалардың аттарын таңдау арқылы топқа бөлінеді. 1) Жезқазған, 2) Қарағанды

Психологиялық дайындық.

«Жүрек жылуы» арқылы жандандыру үшін қолымыздағы жүрек арқылы тілек айтамыз. Сонымен манағы жансыз жүрек нұрлы жүрекке айналды. Біз бір-бірімізге деген жақсы ниет, ақ көңілмен тілек тілей отырып сабағымызды бастаймыз.

II. Тұсаукесер. (Қарағанды қаласы туралы бейнебаян көрсетіледі) бейне баян арқылы жаңа тақырыптың мазмұны ашылады.

Үй тапсырмасы сұрау кезеңі

I кезең «Жұмбақ»

1. Қазақстан территориясын 5 экономикалық ауданға бөлген кім?
2. Орталық Қазақстанда қандай табиғат ресурстары кездеседі?
3. Орталық Қазақстан қандай экономикалық аудандармен шектеседі?
4. Орталық Қазақстанның өнеркәсібі, шаруашылығы?

II кезең «Балама тест» (ия, жоқ)

1. Қазақстан – жер көлемі жағынан дүниежүзінде 9-шы, Еуразияда 4-ші, ТМД-да 2-ші орынды алатын ірі мемлекет. (иә)
2. Географиялық еңбек бөлінісі нәтижесінде экономикалық аудандар қалыптасты. (иә)
3. «Аймақтарды дамыту» бағдарламасы 2012 жылы қабылданған. (жоқ 2011 жылы)
4. [Владимир Иванович Вернадский](#) Қазақстан жерін бес экономикалық ауданға бөлді. (жоқ. Н.Н. Баранский)

«Қарағанды тобы»

I топқа «Сәйкестендіру»

Ірі өнеркәсіпті қала, түсті металлургия орталығы

Теміртау

Толық циклді металлургия зауыттары, электр энергетикасы, химия кәсіпорындар

Балқаш, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған

Орталық Қазақстан экономикалық ауданының басты қалалары



Қарағанды, Абай, Шахтинск, Осакаровка

Жеңіл өнеркәсіп орталықтары

Балқаш

Жезқазған тобы

Аумақтың экономикалық-экологиялық проблемалары



Практикалық жұмыс.
Орталық Қазақстанның қалаларын кескін картаға түсіру



І. « Ізденген жетер мұратқа” стратегиясы

Тест сұрақтары

1. Орталық Қазақстан неше облыспен шектеседі?
 - а) 9
 - ә) 10
 - б) 4
2. Орталық Қазақстанда халықтың сирек қоныстанған ауданы?
 - а) Солтүстігі
 - ә) Батысы
 - б) Шығысы
3. О.Қ. қандай пайдалы қазбаға бай?
 - а) мұнай-газ, көмір
 - ә) көмір, мыс, маргенец
 - б) хром-никель
4. Қорғасын-мырыш өндіретін кәсіпорын қандай өндіріс бірлестігіне топтасқан?
 - а) Сарыарқа-полиметал
 - ә) Атасу-Аят
 - б) Теміртау-Қарағанды
5. О.Қ. экономикалық ауданының солтүстігі қандай мал шаруашылығын дамытуға қолайлы?
 - а) етті-сүтті ірі қара мен жылқы
 - ә) қой шаруашылығы
 - б) түйе шаруашылығы

Тест жауаптары, бағалау

1- а

2- б

3 -ә

4 - а

5 - а

Бағалау


5+ “5”

4+ “4”

3+ “3”

“Ой шақыру” стратегиясы Деңгейлік тапсырма

**Орталық Қазақстан қандай
минералды ресурстарға бай? Картаны
пайдаланып (62 және 123-сурет) мыс кенорындарын табыңыздар**





Жезқазған - мемлекетіміздің негізгі мыс балқыту орталығы болып есептеледі. Мұндағы кен байыту фабрикасы мен мыс балқыту зауыты мыстан басқа республикамыз бен ТМД елдерінің зауыттарына қажет корғасын концентратын шығарады. Мыс балқыту өнеркәсібінен басқа құрылыс кәсіпорындары, тоқыма, тігін фабрикасы және ет комбинаттары жұмыс істейді.



*Теміртау - Қарағандының серіктес қаласы.
Қаланың тарихы 1905 жылдан басталады.
Жауыр шоқысының атауымен Жауыр деп
аталған. Ұлы Отан соғысынан кейін Теміртау деп
аталды. Жетекші саласы: қара металлургия.
Қайта балқытатын және толық циклді
металлургия зауыттары бар.*





- **Балқаш — Балқаш көлінің солтүстік жағалауындағы өнеркәсіпті қала. Қалада республикамыздағы ең ірі кәсіпорындардың бірі - Балқаш мыс комбинаты бар. Қала 1937 жылы мыс балқыту зауытының салынуына байланысты іргесі қаланған маңызды түсті металлургияның орталығы. Комбинат мыс және күкірт қышқылын шығарады.**

**Барлық тапсырмалар бойынша алған ұпайларын қорытып,
топтың қорытынды ұпайын шығару.**

	аты						ұпай
		I	II		III	IV	
		Жұмбақ «Бала ма Тест	Сәйкес те нд ір у	Ой то лғ ау	Шығармашылық ізденіс	Ізденген жете р мұра тқа (Тест)	
I	Қараған ды						12
II	Жезқазғ ан						12
III	Ұпай сан ы 10-1 2 «5» 7-8- «4»						

- **Үйге тапсырма.**
- Орталық Қазақстан экономикалық ауданының қалалары, ауылдық елді мекендері. Қалалардағы өнеркәсіп орындарының дамуы туралы қосымша деректер жинау.